

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасы туралы" 2003 жылғы 10 ақпандағы № 147 және "Нәтижелерге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу жөніндегі тұжырымдама туралы" 2007 жылғы 26 желтоқсандағы № 1297 қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 мамырдағы № 481 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы № 147 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2003 ж., № 7, 74-құжат);

2) «Нәтижелерге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы № 1297 қаулысы.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*